

«ӘДІЛЕТ» КОНЦЕПТІСІ: ӘЛЕУМЕТТІК ҚОҒАМДЫҚ КӨРІНІСІ

Алтай А. , Абиров Д. 

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ
E-mail: altai.aidyn@bk.ru

Мақалада тілдік және тарихи зерттеу жүргізу нәтижесінде анықталған «әділет» концептісінің тілдік және танымдық белгілері қарастырылды. Концепт мәдени-когнитивті сипаттары бар, халық дүниетанымынан хабар беретін танымдық нысан болып саналады. Оларды тілдік негізде зерттеу ұлт менталитеті жайында түсінік қалыптастырады.

Когнитивті лингвистикада жүргізілген зерттеулер нәтижесіне сай концептілер қазіргі қоғам жағдайында комплексті құбылыс ретінде қарастырылады. Концептілердің тарихи, тілдік, танымдық қабаттары халық тұрмысы мен дүниетанымына үңілуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы тілдік-тарихи зерттеулер тың түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: ұғым, экстралингвистикалық фактор, таным, халық танымы, концепт, репрезентация.

Кіріспе

Кез келген тілдік бірлік белгілі бір кезеңде қалыптасады. Әсіресе, ұлттың танымы мен көзқарасынан хабар беретін сөздердің орны ауқымды. Концептілердің кеңістігі және мағынасы оларды сипаттауда басымдыққа ие. Зерттеулер нәтижесінде концептілердің ұлт дүниетанымын айқындайтыны белгілі болып отыр. Оларды тек бүгінгі мәнімен ғана түсінуге болмайды. Себебі әр концепт қабатты құрылымға ие. Оның әр «қабаты» әр дәуір тұнбасы. Біз қарастырып отырған «әділет» концептісі де, қазақ танымында ертеден келе жатқан түсінік. XX ғасырдағы тарихи жағдайлар біздің пайымдауымызша, «әділет» концептісінің бүгінгі мазмұнын қалыптастыруға негіз болды. Бұл кезеңдегі құбылыстар «әділет» түсінігінің жаңа мазмұн түзуіне ықпал етті. Концептінің XX ғасыр кеңістігіндегі өзгерісін дәйектеу үшін, зерттеуде Барлыбек Сырттановтың «Қазақ Елінің уставы» және «Алаш Орда партиясының саяси бағдарламасы» негізгі ақпарат көзі ретінде қарастырылды.


Жалпы, «әділет» концептісі қазақ халқының санасында теңдік, туралық, дұрыстық мағыналарымен және шындық концептісімен астарлас келетін ұғым. Сондай-ақ оның халық руханиятымен астарласуы «әділет» түсінігін жалпы ұлттық концепт ретінде талдауға мүмкіндік береді. Мәселен, С.Г Воркачев концептілердің мәдени мазмұнына тоқталып, олардың тікелей ел руханиятына қатысты болатынын айтады. Ол: «концепт – жоғары рухани құндылықтармен байланысты, тілде өзіндік көріністері бар және этномәдени спецификасымен ерекшеленетін ұжымдық білімнің бірлігі» [1;51] – деп айтады.

Материалдар мен әдістер

«Әділет» концептісі бірнеше бөліктерге ие. XX ғасырдағы жағдайларды ескере отырып, «әділет» концептісін ең алдымен «макроконцепт» ретінде қарастыру қажет. Солайша, концептінің тілдік белгілерімен қатар, психологиялық, әлеуметтік, саяси, тарихи қырлары да талданады. «Әділет» концептісі тек бір кезеңді қамтымайды. Сол себепті зерттеуде ол ядро қызметін атқарады. Ал, нысан ретінде алынған XX ғасыр сол ядроның тарихи перифериясы болады. Демек, кез келген концепт біздің түсінігіміз бойынша ядро болады. Перифериялық бөлігі болса, оған өзіндік ерекшеліктер қосқан уақыт, ал микроконцептілер сол кезеңде қалыптасқан ұғымдар.

Концептілер айтқанымыздай халық дүниетанымы, болмысы, психологиясы жайлы түсініктер беретін терең ұғымдар. Бұл турасында, К.Қ Күркебаев: «концепт – біздің

санамыздағы ментальді сөздік қорды және психикалық ресурстарды бейнелейтін әлем бейнесінің бірлігі; яғни концепт – этностың ақиқат өміріндегі болмыс-бітімін, жан-жақты ашып көрсетуге барынша талпыныс жасайтын лингвомәдени мазмұны мол тірек-ұғым» [2;14] дейді. Жалпылама зерттеу жұмысында «әділет» концептісінің нақты бір уақыт кеңістігіндегі ауқымы алынғандықтан оны шартты түрде қарастырылып отырған деректерге сәйкес бірнеше топқа бөліп қарастырдық. Зерттеуде ХХ дәуір кеңістігіндегі «әділет» макроконцептісі былайша талданды:




Сурет 1 – «Әділет» макроконцептісі

Негізгі бөлім

ХХ ғасыр саяси өзгерістер кезеңі. Осы уақытта, қазақ даласында түрлі өзгерістер орын алды. Ол өзгерістер халық өмірінің барлық саласын кеңінен қамтыды. Сондай өзгерістердің бірі, құқықтық салада туындаған жаңашылдықтар. Бұл өзгерістер талданып отырған, «әділет» макроконцептісінің өз ішінде жаңа бір микроконцепт туындауына себеп болды. Оны кеңінен ұғу үшін, ресми құжаттарды талдау қажеттілігі туындайды. Осы мақсатта, өткен ғасырда қазақтың «алғашқы конституциясы» атанған Барлыбек Сырттановтың «Қазақ елінің уставы» заң жиғаны тірекші, ақпарат көзі ретінде қолданылды. Жалпы осы уақытта «әділет» макроконцептісінің, бірнеше микроконцептілері құқықтық саладан көрініс тапты. Яғни, бүгінгі таңда біздің санамызда қалыптасқан әділеттің құқықтық түсінігі өз бастауын осы уақыттан алады. Заңның мынадай бөліктерінен «әділет» түсінігінің құқықтық салаға қатынасын ажыратуға болады.


ҚҰҚЫҚТЫҚ МИКРОКОНЦЕПТІЛЕР:



Сурет 2 – Құқықтық микроконцептілер

«Әділет-құқық» микроконцептісі [Қазақ елінің уставы, II. Адам баласының хұқы туралы, www.abai.kz]. Жоғарыда, аталған заңның адам баласының құқығына қатысты 4 бабы көрсетілген. Біздің пайымдауымызша, жоғарыдағы сызбаға енген заң бөлімдері «әділет» концептісінің құқықтық семантикасын толықтай ашып тұр. Қазақ еліндегі адамдардың тең құқыққа ие болуы, таптар мен топтар және жыныстық теңдіктің сақталуы көрсетілген.


Адамдардың саяси, азаматтық құқықтарының сақталу қажеттілігі де дәйектеліп тұр. Бұл құқықтық баптар тікелей адамның табиғи құқығын сақтауға бағытталған.



Сурет 3 – «Әділет-төрелік» микроконцептісі

«**Әділет төрелік**» микроконцептісі [Қазақ елінің уставы, IV.Сот турасында, www.abai.kz]. Баптар «әділет» ұғымының сот билігімен байланысын көрсетіп тұр. Соттың даралығы, тәуелсіздігі, заң принциптерін сақтауы нақты айтылады. Әсіресе, судьялардың партиялар құрамынан алынбауы, ауыр қылмыстарды алқабилердің қарастыруы, сынды нормалар әділеттілік қағидатының үстемдігі мен бұқаралық сипатын ашады. Бұл аталған заң баптарының барлығы тікелей сот төрелігінің **тәуелсіз** яғни, **тура және әділетті өтуін** қамтамасыз етеді. Соттың тікелей заңға бағынуы мұнда басты болып тұр. Пайымдауымызша, заңның аталған баптарынан «әділет» концептісінің құқықтық мазмұны айқын байқалған. Олардың барлығы ортақ «әділет-төрелік» микроконцептісіне топтастырылып отыр.


САЯСИ МИКРОКОНЦЕТІЛЕР:



Сурет 4 – «Әділет-билік» микроконцептісі

«Әділет билік» микроконцептісі [Қазақ елінің ұстаы, I. Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында, www.abai.kz]. «Әділет» концептісі дәстүрлі қазақ қоғамының барлық тіршілігін кеңінен қамтыды. Ол жайтты әдеби туындылармен қатар, ресми құжаттардан байқауға болады. «Әділет» түйіндеп айтар болсақ, ол орын алатын жайт, не фактор. Біз зерттеу жұмысына негіз еткен ресми құжаттамаларда сол фактордың «нағыз» «боямасыз» жағдайда қалып, оны сақтап қалу жолдары көрініс тапқан. Әділеттің сақталу жолдары көрсетіліп, заң негізінде бекітілген. Тұжырымыз бойынша мысал ретінде алынған баптардың мазмұны ортақ. Барлығы, мемлекеттік қызметті атқару барысында заңға қайшы жайттардың алдын алуға бағытталды. Бір ерекшелігі, аталмыш баптарда бір адамның екі реттен асып ел билеуге құқығы жоқ екендігі, бір біріне бағынбайтын 3 дербес билік тармақтарының болатындығы және заң үстемдігінің сақталу тиістігі айтылып отыр. Егер, бұл қағидалардың ішкі мағынасына үңілетіп болсақ, «әділет» түсінігін еркін байқай аламыз. Өйткені, билік заң және дербес атқару институттарына негізделіп жұмыс атқарса, ол тікелей «әділетті билікке», «демократиялы қоғамға» айналады. Тек заңға үстемдік құрады. Жеке бас мүддесі алдыңғы орынға шықпайды. Мемлекет басшылары заңнан аттап, не оны өзіне икемдей алмайды. Өздері де есеп беруге міндеттеледі. Аталған жайттар биліктің өз саясаты мен функцияларын «әділетті» жүргізуіне мәжбүр етеді.


ӘЛЕУМЕТТІК-ҚОҒАМДЫҚ МИКРОКОНЦЕПТІЛЕР



Сурет 5 – «Әділет – тарихи меншік» микроконцептісі


«Әділет-тарихи меншік» микроконцептісі [Қазақ елінің ұстаы заңы, III. Қазақ жері турасында бөлімі, www.abai.kz]. Біздің ойымызша, берілген баптардың семантикасы бір барлығы жердің тарихи түрде тек халыққа тиесілі екенін және оған халықтың иелік ете алатынын аңғартып тұр. Ал, жерді пайдалануды биліктің қадағалауы, өз кезегінде тәртіпсіздікке жол бермейді. Баптарда келтірілгендей жер және оның үстіндегі барлық мүлік қазақ халқына тиесілі және ол ешқашан саудаға түспей оған қолсұғылмауы керек. Мәселен, Ресей Империясының отарлау саясатының кезеңінде қазақ халқы біраз иеліктері мен қонысынан айырылды. Халық тарығып, ашаршылыққа душар болды. Мал жайылымдары азайды. Сырттан келген қоныстанушылар жерді жергілікті халықтан алып қойды. Солайша, халық тарихи әділетсіздікке ұшырап өз елінде қиындықтар көрді. Ал, заңдағыдай жердің халыққа тиесілі болып, оны тартып алу

жайттарына жол бермеу негізі құндылықтарды қорғайды. Халықтың өз иелігіне деген еркін қолданысына жол ашады. Бөгде күштердің жерді тартып алу әрекетіне мүмкіндік бермеу, халықтың түпкі құқығын қорғау болып табылады.




Сурет 6 – «Әділет-салық» микроконцептісі

«Әділет салық» микроконцептісі [Алаш Орда партиясының саяси бағдарламасы, VII. Салық www.abai.kz]. Қоғамда әлеуметтік және мүлік теңсіздігінің орын алу факторы ертеден келе жатыр. Қазіргі уақытта да бұл жайтты еркін байқаймыз. Мемлекеттің ең негізгі функцияларының бірі – салық жинау. Ел ішінде, қаржылық жағдайы әр алуан әлеуметтік топтар бар екені ескеріліп, жиналатын салық мөлшері сәйкес түрде бекітілуі қажет. Өз кезегінде ол бай азаматтардың мүлік мөлшеріне пара-пар салық төлеуіне, яғни дүниесі көп болуына қарай салығының артуына негіз болады. Кедей адамдардың өз жағдайынан артық мемлекетке салық төлеуіне, әр адамның табысына сәйкесінше әділетті, ашық түрде міндетті салықты төлеу жағдайын қалыптастырады. Оның заң аясында бекітілуі, ежелден келе жатқан теңсіздік факторына қарай, лайықты салық төлеуге жол ашады. Қоғамның сол арқылы әр мүшесінде наразылық пен сенімсіздік туындамайды. Елдің ең негізі істерінің бірі «әділеттілік» принципіне негізделеді.



Сурет 7 – «Әділет – еңбек» микроконцептісі

«Әділет-еңбек ісі» микроконцептісі [Алаш Орда партиясының саяси бағдарламасы, VIII. Жұмысшылар]. Бүгінде, заманауи қоғамда жұмысшылар қауымының құқығын қорғайтын арнайы еңбек кодексі бар. Өткен ғасырдың алғашқы бөлігінде заңдарда еңбекшілердің мүддесін сақтауға бағытталған мұндай баптар болмады. Жұмысшылардың құқығын қорғап, олардың лайықты жағдайда еңбек етуіне, шектен тыс артық істермен шұғылданбауына және заң аясында қорғалу мүмкіндігін беру ол адам құқығын қорғау болып табылады. Әрдайым жұмысшылардың нақты атқаруы тиіс функцияларының заңда бекітілуі ашықтықты қалыптастырады. Даулы жағдайда заңға жүгіну өз кезегінде әділетсіз жағдайларға жол бермейді. Нормативтік актілерге енгізген осы секілді баптар мен ұсыныстар, сол кезеңде құқығы қолғалмаған жұмысшыларға лайықты жағдай жасады. Ел экономикасының локомотиві болып табылатын еңбекшілерге қатысты даулы жағдайларда қарапайым жұмысшылар құқығының қорғауға алынуы, ол қоғамның ең негізгі бөлігін әділетсіздіктен қорғау факторын туындатады.

ОҚЫТУ ІСІНДЕГІ МИКРОКОНЦЕПТІЛЕР:

Сурет 8 – «Әділет – тең білім» микроконцептісі

Әділет-білім микроконцептісі [Алаш Орда партиясының саяси бағдарламасы, ІХ. Ғылым – білім үйрету]. Бағдарлама бөлімінде көрсетілгендей оқудың жалпыға бірдей теңдей жағдайда жүргізілуі қоғамға тең мүмкіндік береді. Оқу-ағарту және сауат ашу, білім беру процестерінің тәуелсіз болуы бұл үрдіске басқа күштердің ықпал етіп, теріс жайттардың, саяси қысымның орын алуына жол бермейді. Саланың дербестігі теңдей ортақ мүмкіндіктер мен факторларды қалыптастырады. Білім ісі тәуелсіз болса ғана, сапалы көрсеткішке жету мүмкіндігі де болады. Сонымен қатар, білім саласын автономиялы жағдайға жеткізу, саяси-қоғамдық күштер тарапынан ықпалды жояды. Ағарту ісі тәуелсіз болып, өз мүдделеріне қызмет етеді. Осы салада жұмыс атқаратын профессорлар мен ұстаздардың тең сайлау жағдайында қызметке қойылуы, заңсыз әрекеттерге жол ашпайды. Былайша айтқанда, оқу әрбір адам үшін қолжетімді болып, бөлініс болмайды. Әр адам өз құқығын пайдалану арқылы қысым көрсейді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Жалпы зерттеу жұмысына өзек ретінде алынған екі тарихи құжаттың ұқсақ тұстары көп. Олардың мағынасына тереңірек зер салатын болсақ, бір емес бірнеше түсініктер мен мәселелер қамтылған. Салыстыру барысында екі құжаттың ортақ мәні «әділет» концептісінің мағынасына жақындайтыны анықталды. Әр бөлім өз алдына жекеше зерделеніп, талданды. Нәтижесінде, екі құжаттың біздің көзқарасымыз бойынша төрт үлкен сфераны қамтитыны арқылы, бірнеше микроконцепт ортақ мәнді атаумен берілді. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, «әділет» бұл зерттеу жұмысында үлкен ядро, ал ХХ ғасыр перифериялық кезең, түсініктер қалыптасатын уақыт. Осы перифериялық кезеңнен тікелей микроконцептілер туындайды. Зерттеуде, әсіресе бүгінді таңда әрбір адамның санасы мен түйсігінен орын алған әділет сөзінің «құқық», «сот», «заң», «билік» салаларына қатысты түсініктер осы уақыт аралығында қалыптасты деген көзқарас пайда болды. Оған дәлел боларлық факторлар бар. Алғашқы конституциядағы сот билігін даралау мен оның өзіндік ерекшеліктерінің болуы да осыған нұсқайды. Қазақ танымындағы «әділет» түсінігінің тамыры тереңде. Бұл ұғым бір кеңістік пен уақыт аралығында пайда болған жоқ. Ол бай, терең қазақ тілімен бірге өркендеді. Жаңаша мазмұндарға ие болып отырды. Заман алмасқан сайын, қоғам психикасы, эстетикасы алмасады. Қазақ халқы да, түрлі қалыптасу кезеңдерінен өтті. Халықтың ойы түбегейлі, күрделі өзгерістерге де ұшырады. Сәйкесінше, халықтың тілі, жадына да әр заман өзінше өзгерістер алып келді.

Қорытынды

Бүгінгі, кейбір сөздер осыдан біраз жылдар бұрын мүлде басқа мағынаға ие болғандай, «әділет» концептісі де біздің санамыздағы кескінін бірден қалыптастыра қоймады. Зерттеу жұмысының өзегі де осы. Концептінің бүгінгі келбетін біртіндеп ашуға негіз қалыптастыру. Алғашында сөз еткен «ядро» және «периферия» категориялары осы процестердің тірегі болып табылады. Ұғым пайда болады, уақыт өзгеріс енгізеді. Солайша, оның мағыналық және түсінік ауқымы артып, сан түрлі саланы қамтып, ортақ сұлбаға айналады. Концептілердің этимологиялық тарихы да маңызды рөлге ие. Себебі түсінік деген тамырдан жаңаша өркендер қалыптасады. Ал, бүгінгі қоғамдық өмірдегі маңызын әлі жоймаған «әділет» концептісі біздің пайымымыз бойынша өзінің бір үлкен тарауын ХХ ғасырда жасады. Өткен ғасырдағы түсінік жайлы пайым мен бүгінгі пайымның айырмашылығы зор. Факторлар, қоғам, жүйе өзгеріп отыр. Бірақ ұлт танымындағы орны бір. ХХ ғасырда «әділет» концептісі өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Ол халықтың тіршілігінен айырылмайтын құндылыққа айналды. Бүгінгі халық дүниетанымын айқындап, тәуелсіздікке алып келген бағдарды белгіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Воркачев С.Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепт: становление антропологической парадигмы в языкознании // Филологические науки. -2001. - №1.
2. Күркебаев К.Қ. Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. -191 б.
3. Рахимова А. Адамның интеллектуалдық сипатының концептуалдануы (педагогикалық аспект). PhD докт.дис... -Алматы, 2014.
4. Әдебиеттану: терминдер сөздігі. Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. - Алматы: «Ана тілі», 1998.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құрастырушылар: Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б. –Алматы: «Арыс», 2006.
6. Тектілік: лингвофилософиялық парадигма: ғылыми зерттеу / Б.Өтеген. –Алматы: Қазақ университеті, 2019.
7. Смағұлова Г.Н., Күркебаев К.Қ., Жұмағұлова Ә.М. Шешендік сөздердің дискурсы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 169 бет.
8. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. М., Русские словари, 1996.
9. Қайдар Ә. Халық даналығы. Алматы, 2004. 559 б.
10. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры: Опыт исследования. М., Языки русской культуры. 1997.

REFERENCES:

1. Vorkachev S.G. Lingvokulturologia, iazykovaia lichnost', konsept: stanovlenie antropologicheskoi paradigmy v iazykoznanii // Filologicheskie nauki. -2001. - №1.
2. Kürkebaev K.Q. Qazaq tiliniñ ruhani jäne materialdyq leksikasy: oqu qūraly. –Almaty: Qazaq universiteti, 2013. -191 b.
3. Rahimova A. Adamnyñ intelektualdyq sipatynyñ konseptualdanuy (pedagogikalıyq aspekt). PhD dokt.dis... -Almaty, 2014.
4. Ädebiattanu: terminder sözdıgı. Qūrastyrushylar: Z.Ahmetov, T.Şañbaev. -Almaty: «Ana tılı», 1998.
5. Qazaq ädebi tiliniñ sözdıgı. On bes tomdyq / Qūrastyrushylar: Ğ.Qaliev, S.Bizaqov, O.Naqysbekov jäne t.b. –Almaty: «Arys», 2006.
6. Tektilik: lingvofilosofialyq paradigma: ğylymi zertteu / B.Ötegen. –Almaty: Qazaq universiteti, 2019.
7. Smağūlova G.N., Kürkebaev K.Q., Jūmağūlova Ä.M. Şeşendik sözderdiñ diskursy: oqu qūraly. – Almaty: Qazaq universiteti, 2012. – 169 bet.

8. Vejbiskaia A. Īazyk. Kūltura. Poznanie. M., Ruskie slovāri, 1996.
9. Qaidar Ā. Halyq danalyġy. Almaty, 2004. 559 b.
10. Stepanov Īu.S. Konstanty. Slovār ruskoi kūltury: Opyt issledovania. M., Īazyki ruskoi kūltury. 1997.

КОНЦЕПТ «СПРАВЕДЛИВОСТЬ»: СОЦИАЛЬНО-ОБЩЕСТВЕННОЕ ЗНАЧЕНИЕ

Алтай А., Абилов Д.

*Жетысуский университет имени И.Жансугурова, Казахстан, Талдыкорган
e-mail: altai.aidyn@bk.ru*

В статье рассмотрены языковые и познавательные признаки концепта «справедливость», выявленные в результате проведения языкового исследования. Концепт считается познавательным объектом, обладающим культурно-когнитивными характеристиками. Изучение их на языковой основе формирует представление о менталитете нации.

Согласно результатам исследований, проведенных в когнитивной лингвистике, концепты рассматриваются как комплексное явление в условиях современного общества. Исторический, языковой, познавательный слои концептов позволяют заглянуть в быт и мировоззрение народа. Языково-исторические исследования в этом направлении позволяют сформировать новое представление о ментальности народа.

Ключевые слова: *понятие, экстралингвистический фактор, познание, народное познание, концепт, репрезентация.*

THE CONCEPT OF «JUSTICE»: SOCIAL SIGNIFICANCE

Altay A. , Abirov D.

*Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Kazakhstan, Taldykorgan
e-mail: altai.aidyn@bk.ru*

The article discusses the linguistic and cognitive features of the concept of «justice», identified as a result of language research. The concept is considered a cognitive object with cultural and cognitive characteristics. Studying them on a linguistic basis forms an idea of the mentality of the nation.

According to the results of research conducted in cognitive linguistics, concepts are considered as a complex phenomenon in modern society. Historical, linguistic, cognitive layers of concepts allow us to look into the life and worldview of the people. Linguistic and historical research in this direction allows us to form a new idea of the mentality of the people.

Keywords: *linguistic consciousness, concept, extralinguistic factor, folk cognition, representation.*